

## Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 773 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы N 1730 Қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.30 N 1730 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.*

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңын іске асыру және Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі мемлекеттік шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі ережені және Карантиндік объектілердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 желтоқсандағы N 1960 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 56, 630-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1

т а м ы з д а ғ ы

N

7 7 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі ереже**

Осы Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі ереже (бұдан әрі - Ереже) "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына сәйкес әзірленді.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) алу актісі - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

тәртіппен және жағдайларда залалданған карантинге жатқызылған өнімді (жүкті) алуға өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор беретін құжат;

2) карантиндік тексеру актісі - карантинге жатқызылған өнімді тікелей тексерген өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор беретін және растайтын карантинге жатқызылған өнімнің (жүктің) және көлік құралдарының карантиндік тексеру сәтіндегі карантиндік жай-күйі туралы куәландыратын құжат;

3) өсімдіктердің ішкі карантині - карантиндік объектілердің Қазақстан Республикасының ішінде таралуының алдын алуға, карантиндік объектілердің ошақтарын уақтылы анықтауға, оқшаулауға және жоюға бағытталған өсімдіктер карантині;

4) өсімдіктердің сыртқы карантині - карантиндік объектілердің импортталған карантинге жатқызылған материалмен (жүкпен) әкелінуінің және экспортталған өніммен әкетілуінің алдын алуға бағытталған өсімдіктер карантині;

5) карантиндік хабарлама - алдағы уақытта өнімнің келіп түсетіндігі, оның жай-күйі және (немесе) тағайындалған пунктте егжей-тегжейлі тексеру қажеттігі туралы өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органды хабардар етуші құжат;

6) карантиндік зертхана - импорттық және отандық карантинге жатқызылған өнімнің үлгілеріне ондағы карантиндік объектілерді анықтауға сараптама жүргізетін және объектілердің карантиндік түрлерге жататындығын белгілейтін, карантиндік объектілер жөніндегі аспаптармен және әдебиетпен жабдықталған мемлекеттік мекеменің стационарлық зертханасы;

7) карантиндік тексеру - карантиндік және басқа аса қауіпті объектілерді анықтау мақсатында көлікті, карантинге жатқызылған өнімді ресми түрде сыртқы байқау, қажет болған кезде шекарада, сондай-ақ осы өнімнің келіп түсетін соңғы орнында үлгілерін іріктеу және оларды сараптау;

8) карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру - карантинге жатқызылған өнімді пестицидтермен, соның ішінде фумиганттармен өңдеу (газды дезинсекция), карантиндік және басқа зиянды организмдерді жою мақсатында рефрижерациялау, жемістерді салқындату, сондай-ақ жүктерді және көлік құралдарын арамшөптерден босату үшін оларды тазалаудың механикалық тәсілдерін қолдану;

9) өсімдік тектес өнім - өзінің табиғаты және (немесе) қайта өңдеу тәсілі бойынша Қазақстан Республикасының аумағына карантиндік объектілердің енуі және (немесе) онда тарауы қатерін төндіретін қайта өңделмеген өсімдік тектес материал (шикізат);

10) карантинге жатқызылған өнімнің топтамасы - өздерінің құрамымен шыққан жерінің және біркелкілігімен ерекшеленетін сауда және басқа мақсаттарда ауыстырылатын, бір мезгілде бір пункттен келе жатқан және бір жүк

алушының мекен жайына бағытталған, фитосанитарлық немесе карантиндік сертификатпен, бір жүк құжатымен куәландырылған карантинге жатқызылған өнімнің бір түрінің бірнеше саны;

11) өсімдік салымы - өсімдіктер карантині жөніндегі бақылауға жататын почта жөнелтімдеріндегі, жолаушылардың қол жүктері мен жолжүгіндегі өсімдік тектес өнім;

12) өсімдіктер - тұқымдарын қоса алғанда, тірі өсімдіктер және олардың бөліктері;

13) кері экспорт елі - үшінші елге экспорттау алдында сақтауға салынған, бөліктерге бөлінген, қайта оралған немесе басқа әдіспен карантиндік объектілермен әлуетті залалдануға ұшыраған карантинге жатқызылған өнім импорты елі;

14) транзит елі - карантинге жатқызылған өнім сақтаусыз, бөліктерге бөлінусіз, қайта оралусыз өтетін және осы елде карантиндік объектілермен залалдану қатеріне ұшырамайтын ел;

15) карантинге жатқызылған өнімнің сараптамасы - карантиндік объектілерді, бөтен текті түрлерді және басқа зиянды организмдерді анықтау және олардың түрлік құрамын айқындау мақсатында карантинге жатқызылған өнімнің топтамаларынан іріктелген үлгілерді зерттеу;

16) рефрижерация - жеміс шыбындарынан залалсыздандыру мақсатында жаңа піскен цитрус жемістерін арнайы ыдыстарда суыту.

2. Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік іс-шараларды жүргізу Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғауға, оларды анықтауға, оқшаулауға және жоюға, өсімдіктер карантині саласындағы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға бағытталған.

Уәкілетті орган осы Ережеде көзделген карантиндегі өнімнің импортына/экспортына қажетті құжаттарды құрайтын бірыңғай рұқсатты, сондай-ақ қажет болған кезде ветеринария саласындағы заңнамада белгіленген бақылаудағы жүктердің импортына/экспортына рұқсат құжаттарын береді.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.13 N 454 Қаулысымен.*

3. Өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар:

1) ауыл шаруашылығы, орман және сәндік дақылдардың тұқымдарына және отырғызылатын материалға, өсімдіктерге және олардың бөліктеріне (калемшесі, жуашығы, түйнегі, жемісі), басқа өсімдік тектес өнімге;

2) жәндіктердің, өсімдіктер ауруларын қоздырушылардың коллекцияларына, гербарийлерге және тұқымдар коллекцияларына;

3) почта жөнелтімдеріндегі, жолаушылардың қол жүктердегі және жолжүгіндегі өсімдік салымына;

4) көкөністерге, жемістерге, жидектерге, саңырауқұлақтарға, сондай-ақ жаңғақтарға, жер жаңғағына, ұнға, жармаға, дәндегі кофеге, какао-бұршаққа, кептірілген жемістер мен көкөністерге, темекіге және шикі қантқа;

5) азық-түліктік, жемдік және техникалық астыққа және оның қайта өңдеу өнімдеріне, копраға, солодқа, шротқа, күнжараға, мақтаның, зығырдың және басқа жіп иіретін дақылдардың талшықтарына, өсімдік текті дәрілік шикізатқа, сондай-ақ былғары шикізатына және жүнге;

6) ыдысқа, ағашқа, буып-түю материалдарына (синтетикалықтарды қоспағанда), топырақ құймалары мен үлгілеріне;

7) басқа мемлекеттерден немесе карантинді аймақтардан келген көлік құралдарына;

8) өсімдік тектес өнімді өсіретін, дайындайтын, жинайтын, қайта өңдейтін және өткізетін ұйымдардың, шаруа (фермер), үй жанындағы және саяжай қожалықтарының аумағына және үй-жайларына;

9) ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, ауыл шаруашылығына, орманға, суға және басқа мақсатқа арналған жерлерге қолданылады.

4. Жеке тұлғалар, қызметі өсімдік текті өнімді өндіруге, дайындауға, сатуға, тасымалдауға байланысты кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары осы ұйымдарда карантиндік іс-шаралардың орындалуына жауапты адамдарды айқындайды және олардың жұмысы үшін жағдаймен қамтамасыз етеді.

## **2. Карантинге жатқызылған өнімді әкелу, оның транзитінің тәртібі мен шарттары (өсімдіктердің сыртқы карантині)**

5. Жеке және заңды тұлғалар карантинге жатқызылған өнімді жеткізуге немесе оның Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитіне шарттар жасасу кезінде уәкілетті органнан немесе оның аумақтық органдарынан карантиндік объектілердің әкелінуінің алдын алу жөніндегі карантиндік шаралар туралы қажетті ақпарат алады және уәкілетті орган белгілеген әкелу шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді.

6. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасына әкелу, сондай-ақ оның транзиті өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету ережелері мен нормалары талаптарына сәйкес жабдықталған шекаралық пункттер мен бекеттер бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу п у н к т т е р і н д е :

1) уәкілетті мемлекеттік органның импорттық карантиндік рұқсаттары 1-қ о с ы м ш а с ә й к е с ;

2) экспорттаушы елдердің ұлттық карантиндік қызметтерінің карантинге жатқызылған өнімнің әрбір топтамасына берілген фитосанитарлық сертификаттары болғанда жүзеге асырылады.

7. Импорттық карантиндік рұқсаттар карантинге жатқызылған өнімнің топтамасына жеке және заңды тұлғалардың жазбаша өтінімдерінің негізінде бірыңғай рұқсаттың құрамында беріледі.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.13 N 454 Қаулысымен.*

8. Импорттық карантиндік рұқсат алу үшін жеке және заңды тұлғалар карантинге жатқызылған өнімді әкелуге дейін 10 күннен кешіктірмей немесе Қазақстан Республикасы арқылы транзитті жүзеге асырғанға дейін 5 күн ішінде уәкілетті органға мынадай мәліметтермен өтінім береді:

1) карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасына әкелудің (оның транзитінің) мақсаты және әкелінетін жүкті өлшеп ораудың әдісін және буып-түюдің түрін көрсете отырып, оның әр түрі бойынша жеке саны;

2) өнімнің тағайындалуы және пайдалану орны (мекен-жайы, ал транзитті жүктер үшін - бағыты және тағайындалған елі);

3) карантинге жатқызылған өнімді импорттау немесе оның транзиті ұйғарылған экспорттаушы елдің атауы, сондай-ақ карантинге жатқызылған өнімді шығарушы елдің атауы;

4) карантинге жатқызылған өнімнің әкелінуі белгіленген мерзімдер немесе транзиттік тасымалдаудың мерзімдері;

5) карантинге жатқызылған өнім Қазақстан Республикасына әкелінетін шекаралық пункттің (бекеттің) атауы.

*Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.13 N 454 Қаулысымен.*

9. Карантинге жатқызылған өнімді әкелуге (транзитіне) импорттық карантиндік рұқсатты алуға арналған өтінімінде өтінім беруші карантиндік шаралардың өз есебінен орындалуына кепілдік береді.

10. Қазақстан Республикасына Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе өсімдіктер карантині саласындағы ынтымақтастық туралы мемлекетаралық шарттармен бекітілген Карантиндік объектілердің тізбесіне сәйкес карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді, сондай-ақ көлік құралдарын әкелуге (оның транзитіне) рұқсат етілмейді.

11. Импорттық карантинге жатқызылған өнім Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жабық немесе изотермиялық, жарамды және пломбаланған контейнерлерде, герметикалық орамаларда, вагондарда, автофургондарда, авторефрижераторларда және басқа көлік құралдарында алып өтіледі.

12. Мыналар Қазақстан Республикасына әкелінуге жатпайды:

1) карантинге жатқызылған өнімді уәкілетті органның импорттық карантиндік рұқсатынсыз және экспорттаушы елдердің ұлттық карантиндік қызметтерінің фитосанитариялық сертификатынсыз;

2) карантинді организмдермен залалданған карантинге жатқызылған өнім;  
3) топырақ, тамыр жайған тірі өсімдіктер топырағымен;  
4) уәкілетті органмен келісім бойынша ғылыми мақсаттар үшін әкелінетін үлгілерден басқа, өсімдіктер ауруларын қоздырғыштар - тірі саңырауқұлақтардың, бактериялардың, вирустардың дақылдары, сондай-ақ өсімдіктерді зақымдайтын жәндіктер, кенелер, нематодалар, карантиндік арамшөптердің тұқымдары.

13. Уәкілетті органның рұқсатымен, оларды жерсіндіру-карантиндік көшеттіктерде міндетті тексеру шартымен, карантиндік объектілермен залалданудың жасырын нысанын алып келетін карантинге жатқызылған өнімді:

1) ғылыми-селекциялық мақсаттар және сортты сынау үшін тұқымдардың үлгілері мен отырғызу материалын;

2) ғылыми-зерттеу мекемелері және ботаникалық бақтар арасында алмасу тәртібімен тұқымдардың үлгілері мен отырғызу материалын әкелуге рұқсат етіледі.

14. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін карантинге жатқызылған өнім, карантинге жатқызылған өнім өткізілетін көлік, карантиндік бақылауға шекаралық пункттерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы шекаралық өту пункттерінде өсімдіктердің карантині бойынша бақылауға және керек болған жағдайда карантиндік тексеруге, сондай-ақ тиісті актілерді ресімдей отырып 2-қосымшаға сәйкес жүктің тағайындалу орны бойынша карантиндік тексеруге жатады.

15. Карантинге жатқызылған өнімді кедендік ресімдеу өсімдіктер карантині бойынша уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің келісімінен кейін ғана аяқталуы мүмкін.

16. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзге көзделмеген болса, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің, халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің, сондай-ақ жеңілдіктер мен иммунитетті пайдаланатын тұлғалардың карантинге жатқызылған өнімді әкелуі осы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

### **3. Карантинге жатқызылған өнімді шекаралық пункттер мен бекеттерде, сондай-ақ тағайындалу пункттерінде өсімдіктер карантині жөніндегі бақылау**

17. Карантинге жатқызылған өнімді өсімдіктердің карантині жөніндегі бақылауды уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының, шекаралық пункттер мен бекеттерінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

18. Өсімдіктер карантині жөніндегі бақылау, сондай-ақ шекаралық пункттер мен бекеттерде, карантинге жатқызылған өнімнің тағайындалу пункттерінде тексеру кедендік тексерудің алдында немесе онымен бір мезгілде жүзеге асырылады.

19. Өсімдіктер карантині жөніндегі шекаралық пункттің және бекеттің мемлекеттік инспекторы жүктердің иелеріне Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі қолданылып жүрген заңнамасын түсіндіреді, импорттық карантиндік рұқсаттың және экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің фитосанитарлық сертификатының болуын тексереді, көлікті, карантинге жатқызылған өнімді (жүкті), ыдысты сыртқы байқауды жүргізеді. Карантинге жатқызылған өнімнен үлгілер іріктеуді, оларға орнында карантиндік зиянкестерді, өсімдіктер ауруларын және арамшөптерді анықтау мақсатында зерттеу жүргізеді. Қажет болған кезде үлгілер және объектілер Республикалық карантиндік зертханаға объектілердің карантиндік түрлерге жататындығын растауға жіберіледі.

20. Егер, жүкті тасымалдаушы карантинге жатқызылған өнімді карантиндік бақылау үшін беруден бас тартқан жағдайда, онда бұл өнім экспорттаушы елге оның иесінің есебінен қайтарылуға жатады, бұл туралы өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор Қазақстан Республикасының аумақтық, шекаралық және кеден органдарына хабарлайды.

21. Карантиндік объектілер табылған карантинге жатқызылған өнім қайтарылуға, залалсыздандырылуға, карантиндік арамшөптерден тазартылуға немесе техникалық қайта өңделуге жатады. Карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруға, тазартуға немесе қайта өңдеуге байланысты шығыстарды жү к т і н и е л е р і т ө л е й д і .

Егер карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнім залалсыздандыруға, тазартуға немесе қайта өңдеуге жатпайтын болса, онда бұл өнім белгіленген тәртіпке сәйкес алынуға және жойылуға жатады.

Ерекше ғылыми немесе өзгеше құндылығы бар карантиндік объектілермен залалданған тұқымдар мен отырғызатын материал олардың иелерінің өтініштері бойынша тексеру үшін жерсіндіру-карантиндік көшеттіктерге берілуі мүмкін. Карантиндік объектілермен залалдануын жойғаннан кейін тұқымдар мен отырғызылатын материал олардың иелеріне қайтарылады.

Карантинге жатқызылған өнімді алуды (соның ішінде почта жөнелтімдерінен, қол жүгінен және жолжүктен) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор жүзеге асырады, ол туралы 3-қосымшаға сәйкес алу актісі жасалады.

22. Карантинге жатқызылған өнім карантиндік тексеруден өткізілгеннен және қажетті карантиндік іс-шаралар жүргізілгеннен кейін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор тауар-көлік ілеспе құжаттарын тағайындалған

пунктке әкелуге немесе транзитке арналған рұқсатпен карантиндік бақылаудан өткені туралы белгіленген үлгіде мөртабан қояды және жүк иесіне 2-қосымшаға сәйкес карантиндік тексеру актісін береді.

Барлық жағдайларда өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор жүктің келіп түсетін орны бойынша өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органның мекен-жайына 4-қосымшаға сәйкес карантиндік хабарлама жібереді.

Шекарада карантинге жатқызылған өнімдермен (жүктермен) жүк операцияларын (әкелінген жүкті басқа көлік құралдарына қайта тиеу) өсімдіктер карантині жөніндегі бақылау және міндетті карантиндік тексеру өткізілгеннен кейін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың рұқсаты бойынша жүктердің иелері жүргізеді.

23. Шекаралық пункттер мен бекеттерде карантиндік тексеруден өткен әкелінетін карантинге жатқызылған өнім (жүктер), сондай-ақ көлік құралдары карантинге жатқызылған өнім тағайындалған соңғы пунктте карантиндік тексеруге тап болады.

24. Жүктің тағайындалған пунктінде карантинге жатқызылған өнімді және көлік құралдарын тексеруді, талдау мен сараптауға үлгілер іріктеуді, кейіннен зиянкестердің, өсімдік ауруларының және арамшөптерінің түрлік құрамын белгілеуге сараптай отырып аумақтық органның өсімдіктердің карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады, олардың нәтижелері бойынша осы өнімді пайдалану шарттары туралы жазуымен 2-қосымшаға сәйкес тексеру актісі жасалады. Қажет болғанда кезде карантинге жатқызылған өнімді талдауға және объектілердің түрлік құрамын сараптауға жабдықталған зертханалары және өсімдіктер карантині жөніндегі білікті кадрлары бар ұйымдар т а р т ы л у ы м ү м к і н .

Объектілердің карантиндік түрлерге жататындығын Республикалық карантиндік зертхана растайды.

25. Карантинге жатқызылған өнімнің соңғы келіп түсу пунктінде карантиндік объектілердің анықталуы жағдайында аумақтық органның өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы осы Ереженің 21-тармағында көрсетілген шараларды қолданады.

#### **4. Карантинге жатқызылған өнімді әкетудің тәртібі**

26. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан әкету Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы мемлекетаралық шарттарында және келісімдерінде, сондай-ақ импорттық карантиндік рұқсаттамада жазылған импорттаушы елдердің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлттық қызметтерінің талаптарында көзделген шарттарда жүзеге асырылуға тиіс.



27. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан әкетуге 5-қосымшаға сәйкес өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органның фитосанитарлық сертификаттары болғанда ғана рұқсат етіледі.

28. Жеке және заңды тұлғалар фитосанитарлық сертификат алу үшін өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органдарға жүкті жөнелтудің болжамды мерзіміне дейін 15 күн бұрын мынадай мәліметтерді көрсетіп өтінім б е р е д і :

1) карантинге жатқызылған өнімнің атауы және оның саны; 2) импорттаушы елдің атауы және карантинге жатқызылған өнімнің тағайындалған м е к е н - ж а й ы ;

3) импорттық карантиндік рұқсаттамада немесе экспортталатын карантинге жатқызылған өнімге шартта көрсетілген импорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлттық қызметінің өсімдіктер карантині саласындағы талабы ;

4) карантинге жатқызылған өнімнің жөнелту мерзімдері және орны;

5) жүктің әкелінуі болжанып отырған импорттаушы елдің шекаралық пунктiнiң атауы.

29. Әкетiлетiн карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік жай-күйiн бастапқы жөнелту орындарында және екiншi рет, теңiз және өзен порттарында (айлақтарда), темір жол станцияларында, әуежайларда, почта байланысының кәсiпорындарында, базарларда, автовокзалдарда (автостанцияларда) және өзге объектiлерде экспорттық топтамаларды қайта тиеу (қалыптастыру) кезiнде өсімдіктер карантинi жөніндегi мемлекеттік инспекторлар белгiлейдi. Қайта тиеусiз әкетiлгенде шекаралық пункт пен бекетте жөнелту орнында берiлген фитосанитарлық сертификаттың дұрыс ресiмделуiне ғана бақылау жүзеге асырылады.

30. Фитосанитарлық сертификатты карантинге жатқызылған өнімдi карантиндік объектiлердiң болуына тексерген өсімдіктер карантинi жөніндегi мемлекеттік инспектор бередi және өз қолымен және белгiленген үлгiдегi мөрмен (мөртабанмен) растайды. Фитосанитарлық сертификат карантинге жатқызылған өнімнің топтамасына берiледi және оның карантиндік жай-күйiн куәландыратын, жүргiзiлген залалсыздандыру, осы өнімдi жеткiзу жөніндегi басқа қосымша карантиндік талаптардың орындалғаны туралы мәліметтердi қамтитын болуы тиіс.

31. Фитосанитарлық сертификаттың түпнұсқасы жүк жөнелтушiге бiрыңғай рұқсаттың құрамында берiледi, көшiрмесi өсімдіктер карантинi жөніндегi аумақтық органның iс қағазында сақталады.

*Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.13 N 454 Қаулысымен.*

32. Карантинге жатқызылған өнімнің кері экспорты кезінде оған әкетуге арналған өнімге айқындалған барлық карантиндік талаптар таралады. Кері экспортталушы карантинге жатқызылған өнімге Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген карантинге жатқызылған өнімді басқа елдің аумағынан әкету жағдайларынан басқа, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор 6-қосымшаға сәйкес фитосанитарлық сертификат береді.

## **5. Карантинге жатқызылған өнімді мемлекетішілік тасымалдау және сату тәртібі (өсімдіктердің ішкі карантині)**

33. Карантинге жатқызылған өнімді облысаралық тасымалдауды уәкілетті органның аумақтық органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы беретін 7-қосымшаға сәйкес карантиндік сертификат болғанда жүзеге асырылады.

Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының карантиндік аймақтарынан әкетуге карантиндік сертификат беруді аумақтық органдардың өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүргізеді.

34. Карантиндік сертификат алу үшін жеке және заңды тұлғалар өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органға өтінімдер береді, сондай-ақ жүкті жөнелтудің болжамды мерзіміне дейін 5 күн бұрын карантиндік жай-күйін анықтау үшін өнімді өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторға тапсырады.

Өтінімде карантинге жатқызылған өнімнің атауы, тағайындалған пункті және пайдалану мақсаты көрсетіледі.

35. Карантинге жатқызылған өнімнің жүру жолында немесе тағайындалған пунктінде мекен-жайын өзгерту осы операциялар жүзеге асырылатын аумақтың өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органының рұқсатымен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының карантиндік аймағынан әкетілген карантинге жатқызылған өнімнің жүру жолында мекен-жайын өзгертуге тыйым салынады.

36. Әкелінген карантинге жатқызылған өнім жүктің тағайындалған пунктінде қайталама карантиндік тексеруге жатады.

37. Карантинге жатқызылған өнімді базарларда сату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **6. Карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды жүргізу тәртібі және көлік құралдарын тазарту**

38. Залалсыздандыруға карантиндік объектілермен залалданған көлік құралдары және карантинге жатқызылған өнім, импорттық карантиндік рұқсатнамада оны залалсыздандыру көзделген өнім, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының ұйғарымы бойынша карантиндік тұрғыдан әлуетті қауіпті өнім жатады.

39. Импорттық карантиндік рұқсаттамада көзделген, сондай-ақ уәкілетті органның және оның шекарадағы шекаралық пункттері мен бекеттері бар аумақтық органдарының өсімдіктердің карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларының ұйғарымдары бойынша карантиндік тексерудің нәтижелері бойынша карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыруды өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың фумигациялық жасақтарымен шарттық негізде жүктердің иелері жүргізеді.

Шекаралық пункттер мен бекеттерде карантинге жатқызылған өнімде карантиндік объектілер анықталған кезде залалсыздандыру жөніндегі жұмыстар Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде фумигациялық камераларда, штабельдерде, кемелер мен баржалардың трюмдерінде, вагондарда, контейнерлерде және көліктің басқа түрлерінде жүргізіледі.

Цитрус дақылдарының жемістерін рефрижерациялауды тоназытқыш камераларда өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың бақылауымен жүк иелері жүргізеді.

40. Көлік құралдарының барлық түрлері импорттық карантинге жатқызылған өнімді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының карантиндік аймақтарынан алынған өнімді тасымалдағаннан кейін міндетті түрде қалдықтарды жойып тазартылуға, ал қажет болғанда өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар белгілеген орындарда фумигациялануға жатады.

Көлік құралдарын және жүктерді фумигациялауға дайындауды жүктердің немесе көліктік ұйымдардың иелері фумигациялық жасақтар мамандарының басшылығымен орындайды.

41. Карантинге жатқызылған өнімді шет мемлекеттерде залалсыздандыруды жүргізген кезде әкелінетін өнімді фумигациялық жасақтардың мамандары фумиганттардың қалдықты мөлшерінің болуына тексереді.

42. Фумигация, рефрижерация, залалсыздандыру мен тазартудың басқа әдістері, карантиндік объектілермен залалданған карантинге жатқызылған өнімді қайтару немесе қайта өңдеу, жүктерді, багажды, жөнелтілімдерді ашу мен қаптау, оларды залалсыздандыру орындарына және кері жеткізу жүктердің иелерінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**7. Жеке және заңды тұлғалардың карантиндік шараларды жүргізу тәртібі**

43. Карантинге жатқызылған өнімді өндіруге, дайындауға, қайта өңдеуге, сақтауға, тасымалдауға және сатуға байланысты қызметті жүзеге асырған кезде жеке және заңды тұлғалар:

1) уәкілетті органның және шекаралық пункттері мен бекеттері бар оның аумақтық органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларына карантинге жатқызылған өнімнің және карантиндік объектілердің болуы туралы мәліметтерді береді;

2) егістіктерді, аумақтарды, қоймаларды және карантинге жатқызылған өнім өндірілетін, сақталатын және қайта өңделетін басқа объектілерді зерттеуді ұйымдастырады және жүргізеді және карантиндік зиянкестер, өсімдіктер аурулары және арамшөптер анықталған жағдайда өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органға дереу хабар береді;

3) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың ұйғарымы бойынша карантиндік объектілердің таралу ошақтарында оларды оқшаулау және жою жөніндегі міндетті іс-шаралар жүргізеді.

## **8. Карантиндік объектілерді анықтау және олардың таралуының алдын алу**

44. Карантиндік объектілерді уақтылы анықтау, олардың таралу ошақтарының шекараларын айқындау мақсатында жер және орман алқаптары, ауыл шаруашылығы, сәндік, дәрі-дәрмектік және басқа дақылдардың егіндері мен егістіктері, карантинге жатқызылған өнімді өндіруге, қайта өңдеуге, сақтауға, тасымалдауға және сатуға байланысты кәсіпорындардың ғимараттары, құрылыстары, контейнерлері, қоймалары, өзге объектілері мен аумақтары және карантиндік объектілердің залалдануы мен таралуының көздері болуы мүмкін өзге де объектілер жүйелі түрде зерттелуге жатады.

Осы жұмыстардың орындалуын жеке және заңды тұлғалар уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларының ұйғарымы бойынша, сондай-ақ өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорындар шарттық негізде қамтамасыз етеді.

45. Зерттеудің нәтижелері, сондай-ақ сол кезде анықталған зиянкестер, өсімдік ауруларын қоздырғыштар және арамшөптер осы объектілердің карантиндік түрлерге жататындығын анықтауға және растауға өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларға жіберіледі. Объектілер анықталмаған жағдайда өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар осы объектілердің карантиндік түрлерге жататындығын растауға оларды Республикалық карантиндік зертханаға жібереді.

Аумақтық органдардың өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары көрсетілген объектілерді бақылау зерттеулерін жүргізеді. Зерттеу

нәтижелері 8-қосымшаға сәйкес өсімдіктер карантині жөнінде бақылау жүргізу туралы актімен ресімделеді.

46. Карантиндік объектілердің ошақтары анықталған кезде "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабында айқындалған тәртіппен карантиндік режим енгізе отырып, тиісті аумақтарда карантиндік аймақтар белгіленеді.

**9. Өсімдіктер карантині саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік**

47. Карантинге жатқызылған өнімді өндіру, дайындау, сақтау, пайдалану, тасымалдау, сату кезінде Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау ережелерін бұзғаны және карантиндік объектілердің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі шараларды орындамағаны үшін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасының  
аумағын карантиндік объектілерден  
қорғау жөніндегі ережеге

1-қосымша

**Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі**

**Өсімдіктерді қорғау және карантин департаменті**

№\_\_\_ Импорттық карантиндік рұқсаттама

Осымен \_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні)

Қазақстан Республикасына (транзит) \_\_\_\_\_

( е л д і ң а т а у ы )

мынадай карантинге жатқызылған өнімнің, әкелінуіне рұқсат беріледі:

(әр түрі бойынша атауы, мөлшері)

1. Әкелінетін карантинге жатқызылған өнім (жүктер) мынадай карантиндік шөптердің тұқымдарынан таза болуы тиіс:

2. Мынадай қосымша талаптарға сай болуы керек: \_\_\_\_\_

3. Әкелінетін карантинге жатқызылған өнімнің (жүктің) әр партиясы экспорттаушы елдің өсімдіктерді қорғау немесе карантин жөніндегі ресми ұйымдары берген, жіберілген карантинге жатқызылған өнім осы рұқсаттаманың 1 тармақтарында көрсетілген барлық талаптарға жауап беретінін куәландыратын фитосанитариялық сертификатымен қоса жүруі тиіс.

4. Карантинге жатқызылған өнімді (жүкті) әкелу мынадай мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде рұқсат етіледі:

---

5. Требования, изложенные в пунктах 1, 2, 3 настоящего разрешения, подлежат включению в контракт отдельным пунктом.

6. Партия подкарантинной продукции (грузов), не отвечающие требованиям, указанным в пунктах 1, 2, 3 настоящего разрешения по предписаниям государственных инспекторов по карантину растений подлежат задержанию, возврату, обеззараживанию, переработке или уничтожению.

7. Осы рұқсаттама бойынша әкелінетін карантинге жатқызылған өнім (жүктер) мынадай бағыт бойынша тасымалдануы керек:

---

8. Реализация и переадресовка в другие регионы или другим получателям, как в пути следования, так и в местах назначения перевозимой подкарантинной продукции (грузов) без разрешения территориального органа по карантину растений запрещена.

9. Өнімдер мен көлік құралдары, соңғы келіп түсу пунктіне келген соң мынадай карантиндік шаралардан өтуі тиіс: \_\_\_\_\_

---

10. Рұқсаттама "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-ші бабының негізінде берілді.

---

2003 жылғы "...2003 жылғы "...дейінгі мерзімге берілді.

Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі  
Бас мемлекеттік инспекторы

Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі  
Мемлекеттік инспекторы

М.О

Ескерту: 1. Импорттық карантиндік рұқсаттама тек түпнұсқа түрінде жарамды (көшірме орындалуға қабылданбайды), мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде өсімдіктер карантині жөніндегі және жүкті алу орны бойынша тиісті аумақтық органына және жүк алушыға және басшылыққа орындауға беріледі, басқа ұйымдар мен ведомстваларға ұсынуға жатпайды.  
2. Қазақстанға жүкті кедендік өткізу үшін импорттық карантиндік рұқсаттама негіз болып табылмайды.

*РҚАО-ның ескертуі: 5, 6, 8-тармақтардың қазақша мәтінінің аудармасы болмады.*

Қазақстан Республикасының  
аумағын карантиндік объектілерден  
қорғау жөніндегі ережеге  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Өсімдіктерді қорғау және карантин департаменті

20\_\_ ж. "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

№\_\_\_\_ карантиндік тексеру актісі

\_\_\_\_\_

(өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органның,  
шекаралық пункттің (бекеттің) атауы

Мен, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор

\_\_\_\_\_

карантинге жатқызылған өнімді, көлік құралдарын тексеруді және  
карантиндік сараптамаға арналған үлгілерін іріктеуді жүргіздім.

\_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның атауы және жеке тұлғаның аты-жөні)

Өнімнің (көлік құралының) аты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Саны (топтама салмағы, орын саны және басқалары) \_\_\_\_\_

Карантинге жатқызылған өнімнің шыққан жері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ж. "..." N\_\_\_ сертификат

берілген \_\_\_\_\_

Мынадай орташа үлгілері іріктеліп алынды:

Саны \_\_\_\_\_ дана \_\_\_\_\_ салмақ

Тексеру нәтижесінде анықталды \_\_\_\_\_

Мынадай карантиндік іс-шараларды жүргізу талап етіледі

Акт карантинге жатқызылған өнімнің иесі өкілінің қатысуымен жасалды

(лауазымы, аты-жөні)

Өсімдіктер карантині жөніндегі  
мемлекеттік инспектор \_\_\_\_\_

Өкіл \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
аумағын карантиндік объектілерден  
қорғау жөніндегі ережеге

3-қосымша

**Қазақстан Республикасы**  
**Ауыл шаруашылығы министрлігі**

**Өсімдіктерді қорғау және карантин департаменті**

**Алу актісі**

Кімге: иесіне \_\_\_\_\_

Осымен, төменде келтірілген карантинге жатқызылған өнім, мынадай  
себептер бойынша алынғандығы куәландырылады:  
өнім залалданған: \_\_\_\_\_

Осы өнім импортына тыйым салынды  
Мынадай себептер бойынша фитосанитарлық сертификат жарамсыз:

Басқа себептер: \_\_\_\_\_

Қолданылған шаралар: \_\_\_\_\_

Жою Залалданған өнімдерді жүктен алып тастау

Қайтару Басқалары: \_\_\_\_\_

**З а л а л с ы з д а н д ы р у**

Алынған карантинге жатқызылған өнімнің атауы мен саны:  
(түгел жүк немесе оның бөлігі)

Жүк туралы мәлімет:

Экспорттаушының мекен-жайы:

Жүк алушының мекен-жайы:

Айырма белгілері (таңбасы):

Жеткізетін құралдар:



№ \_\_\_\_\_ фитосанитарлық сертификат  
Берілді (ұйымның атауы) \_\_\_\_\_ Берілген уақыты \_\_\_\_\_  
Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор

(облысының, қаласының, шекарадағы шекаралық пункт (бекет))

Мөртабан \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_  
(қолы)

Қазақстан Республикасының  
аумағын карантиндік объектілерден  
қорғау жөніндегі ережеге  
4-қосымша

**Қазақстан Республикасы**  
**Ауыл шаруашылығы министрлігі**

**Өсімдіктерді қорғау және карантин департаменті**

Өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық орган  
облысы

-----  
шекаралық пункт (бекет)

№ \_\_\_\_\_ карантинге хабарлама

Өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық орган \_\_\_\_\_

( м е к е н - ж а й ы )

..... ж . . " . . " .

Мен, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор

( а т ы - ж ө н і )

карантинге жатқызылған өнімді тексеруді жүргіздім \_\_\_\_\_

( а т а у ы ж ә н е с а н ы )

шыққан жері \_\_\_\_\_

жіберілген жері \_\_\_\_\_

(мекен-жайы)

(өнімнің карантиндік жағдайы көрсетіледі және оны пайдаланудың  
мынадай шарттары белгіленеді)

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор \_\_\_\_\_

(қолы)

Қазақстан Республикасының  
аумағын карантиндік объектілерден  
қорғау жөніндегі ережеге  
5-қосымша

**Қазақстан Республикасы**

**Ауыл шаруашылығы**

**министрлігі**

**Өсімдіктерді қорғау және**

**карантин департаменті ұйым (елі)**

**Фитосанитарлық сертификат**

**N \_\_\_\_\_**

**Өсімдіктерді қорғау және**

**карантин жөніндегі**

**Жүктің сипаттамасы**

Экспорттаушы және оның мекен-жайы \_\_\_\_\_

Алушы және оның мекен-жайы \_\_\_\_\_

Орнының саны және буып-түю сипаттамасы \_\_\_\_\_

Таңбасы (айырма белгісі) \_\_\_\_\_

Шыққан жері \_\_\_\_\_

Әкелінетін пункт \_\_\_\_\_

Тасымалдау тәсілі \_\_\_\_\_

Өнімнің атауы және оның саны \_\_\_\_\_

Өсімдіктердің ботаникалық атауы \_\_\_\_\_

Осымен, жоғарыда сипатталған өсімдіктер немесе өсімдік өнімдері қолда бар әдістеме мен ережелерге сәйкес зерттелгені және карантиндік және басқа да зиян келтіретін зиянкестерден іс жүзінде таза болып табылғаны және импорттаушы елдің фитосанитарлық ережелеріне жауап беретіндігі куәландырылады.

**Залалсыздандыру**

Күні \_\_\_\_\_

Залалсыздандыру тәсілі \_\_\_\_\_

Химикат және оның концентрациясы \_\_\_\_\_

Экспозициясы және температурасы \_\_\_\_\_

Қосымша хабарлама \_\_\_\_\_

Қосымша декларация \_\_\_\_\_

Берілген орны \_\_\_\_\_

Ұйымның мөртабаны

Мемлекеттік инспектордың тегі \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының

аумағын карантиндік объектілерден

қорғау жөніндегі ережеге

6-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрлігі  
Өсімдіктерді қорғау және  
карантин департаменті

Керіэкспортқа арналған  
фитосанитарлық сертификат  
N \_\_\_\_\_  
Өсімдіктерді қорғау және  
карантин жөніндегі  
ұ й ы м ( е л і )

-----  
-----  
(резекспортер мемлекеттері)

**Жүктің сипаттамасы**

Экспорттаушы және оның мекен-жайы \_\_\_\_\_  
Алушы және оның мекен-жайы \_\_\_\_\_  
Орнының саны және буып-түю сипаттамасы \_\_\_\_\_  
Таңбасы (айырма белгісі) \_\_\_\_\_  
Шыққан жері \_\_\_\_\_  
Әкелінетін пункт \_\_\_\_\_  
Тасымалдау тәсілі \_\_\_\_\_  
Өнімнің атауы және оның саны \_\_\_\_\_  
Өсімдіктердің ботаникалық атауы \_\_\_\_\_

Осымен, жоғарыда сипатталған өсімдік немесе өсімдік өнімі түпнұсқасы немесе расталған көшірмесі осы сертификатқа қоса берілетін N \_\_\_\_\_ фитосанитарлық сертификат бойынша \_\_\_\_\_ дан (шыққан елі) \_\_\_\_\_ (кері экспорттаушы ел) зерттелгендігі, олар қапталғандығы, жаңа контейнерлерге қайта қапталғандығы, бастапқы фитосанитарлық сертификаттың және қосымша зерттеудің негізінде олар импоратаушы елдің фитосанитарлық ережелеріне жауап беретіндігі және \_\_\_\_\_ да (кері экспораттаушы ел) жүк өсімдіктердің зиянкестерімен және ауруларымен залалдануға ұшырамағандығы куәландырылады.

**Залалсыздандыру**

Күні \_\_\_\_\_  
Залалсыздандыру тәсілі \_\_\_\_\_  
Химикат және оның концентрациясы \_\_\_\_\_  
Экспозициясы және температурасы \_\_\_\_\_  
Қосымша хабарлама \_\_\_\_\_  
Қосымша декларация \_\_\_\_\_

Берілген орны \_\_\_\_\_

Ұйымның мөртабаны

Мемлекеттік инспектордың тегі \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
аумағын карантиндік объектілерден  
қорғау жөніндегі ережеге  
7-қосымша

**Қазақстан Республикасы**  
**Ауыл шаруашылығы министрлігі**  
**Өсімдіктерді қорғау және карантин департаменті**  
**№ \_\_\_\_\_ карантиндік сертификат**

(өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органның,  
шекаралық пункттің (бекеттің) атауы

Берілген уақыты 20\_ж."\_"\_\_\_\_ " "\_\_\_\_ дейін жарамды

1. Берілді \_\_\_\_\_  
(заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (оның почталық мекен-жайы)

оған әкетуге \_\_\_\_\_

(қайда кімге алушының толық атауын және мекен-жайын көрсету)  
мынадай карантинге жатқызылған өнімді (жүкті)

2. Орынның жалпы саны (дана) \_\_\_\_\_

3. Жалпы салмағы (тонна, кг) \_\_\_\_\_

4. Жөнелту станциясы (пункті) \_\_\_\_\_

5. Баратын станциясы (пункті) \_\_\_\_\_

6. Жүкті зерттеу, тексеру немесе зертханалық талдау  
(сараптама) негізінде куәландырылады \_\_\_\_\_  
(керегінің астын сызу)

(жүктің карантиндік жағдайы және өткізілген іс-шаралар туралы белгі)

7. Карантинге жатқызылған өнімді (жүкті) жөнелту, сақтау, алу,  
сату және пайдалану кезінде мынадай карантиндік іс-шаралар  
белгіленеді \_\_\_\_\_

8. Берілген негізі \_\_\_\_\_  
(қандай құжаттың)

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор

\_\_\_\_\_ (қолы) (инспектордың аты-жөні)

- Ескерту: 1. Сертификат әр жекелеген карантинге жатқызылған өнімнің (жүктің) топтамасына, көлікке, контейнерге, вагонға беріледі және түпнұсқа түрінде жарамды.
2. Жол бойы жүкті өсімдіктер карантині жөніндегі аумақтық органның арнайы рұқсатынсыз басқа жаққа жіберуге тыйым салынады.
3. Сертификатты беру жіберуге дейін 5 күн бұрын жүргізіледі.
4. Сертификаттың қолдану мерзімі жүктің жолда болған уақытына байланысты белгіленеді

Қазақстан Республикасының  
 аумағын карантиндік объектілерден  
 қорғау жөніндегі ережеге  
 8-қосымша

**Қазақстан Республикасы**  
**Ауыл шаруашылығы министрлігі**  
**Өсімдіктерді қорғау және карантин департаменті**  
**Өсімдіктер карантині бойынша бақылауды өткізу туралы акт**  
 " .. " .....ж.

Мен, Қазақстан Республикасының \_\_\_\_\_ облысы бойынша өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы "Өсімдіктер карантині туралы" Заңының және Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден қорғау Ережесінің негізінде карантиндік іс-шаралардың орындалуына \_\_\_\_\_ тексеру жүргіздім.

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні)

1. Тексеру кезінде анықталды (қай кезеңде және қандай құжаттар бойынша тексерілгендігін және не анықталғандығын көрсету)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

2. Тексеру нәтижелері бойынша қорытынды және ұсыныс (міндетті түрде орындалатын іс-шаралар, мерзімдері, орындалуына жауапты адамдар көрсетіледі )

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Акт 2 данада жасалды оның біріншісі заңды немесе жеке тұлғаның өкіліне

беріледі, екіншісі өсімдіктер карантині жөніндегі инспектордың тапсырмалары мен нұсқамаларының орындалуы тексерілгеннен кейін карантиндік инспектордың іс-қағазында қалады, орындалмаған кезде хаттама жасалады. Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор \_\_\_\_\_

(аты-жөні)

Актінің бірінші данасын алдым

Иесі (өкіл) \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың берген тапсырмалары мен ұсыныстарының орындалуын тексеру нәтижесі

Тексеру жүргізілді \_\_\_\_\_ иесінің (өкілінің) қатысуымен

\_\_\_\_\_  
(лауазымы, аты-жөні)

тексеруде анықталды (тапсырмалардың орындалуы): \_\_\_\_\_

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

Иесі (өкіл) \_\_\_\_\_

(аты-жөні)